




Қалба тау сай-салалы бұлақтардан
Әуелден ұққан жанға күй ақтарған
Бауырында өскен жанның көңіліне
Қашанда орнаттырған қуатты арман.

Бірі оның Мәлс аға талаптанған
Бөкеде білім алып қанаттанған
Содан соң Өскеменде білім алып
Ауылдан осылайша ол аттанған



Жоғары білім алды Өскеменде
Бауырында Алтай таудың өскен елде
Мамандық алғаннан соң қайтып келді
Семейдей ұлы қала мекеніне.



Еңбек жолын бастады Семейінде
Көтерген жылдан жылға мерейінде.



Ізденіс жолын жастан таңдап еді
Қиялы күн көзіне самғап еді
Ұдайы жас ұрпаққа білім берді
Ағарту саласының ардагері.



Ол ұстаз - кәсіподақ төрағасы
Ол хатшы - партияның жанашыры
Содан соң директор боп ол істеді
Кеңейді одан әрі өрістері.



Директордың өнегелі жолдары бар
Ізгілік көңілінде арманы бар
Құрметті демалысқа шыққанменен
Әлі де ақылдасар ойлары бар.



г.Семипалатинск - 1998 г.




Әр басшының өз ұстанымы, өмір ағысындағы бет бейнесі, заман талабына сай біліктілігі мен білімділігіне, адамгершілік парасытына байланысты болады. Бір мекемеде яғни Сервиз колледжінде 26 жыл директорлық міндетті атқара отырып, өз әріптестеріңіздің жүрегінде, санасында түбегейлі із қалдырғаныңыз ақиқат.



Зор бедел иесі сыйлы азамат Мэлс Мүбарәкұлы – үлгілі отбасының иесі .
Анасын ардақтаған азамат. Оның жұбайы Ғайни Сабырқызы жоғары санатты дәрігер болған. Мирлан, Берік атты ұлдарын өсіріп, жоғары білім игертіп отау тіккізген. Олардан немере сүйіп отыр.

Аман болсын ағайның, еліңіз
Алдыңыздан шыға берсін төріңіз
Қос ұлыңнан таралатын алдында
Немеренің қызықтарын көріңіз.

Ерекше жаратылған жан ретінде мына 75- деген белеске жемісі мол жеңістермен келгеніңіз зор абыройдың куәсі.



Білімнің кемел көшін бастаған сындарлы ойдың сыралғысы, өзіндік қолтаңбасы мен жолын қалдырған іскер басшы, шебер ұйымдастырушы, тегіңізден берілген ұстаздықты өмірлік мұрат еткен ардақты оқытушы ретінде асулардан табыстармен асып, әр істе абыройлы биіктерден көріне білдіңіз.

Құрметті Мэлс Мұбаракұлы ! Шынардай шымыр, сәмбідей сұлу тұлғалы сыныңызды сақтай білген деніңіздің саулығы, басыңыздың бақыты баянды болсын!

Ізгі тілекпен өзіңізді құрметтейтін

Радиотехника және байланыс колледжің ұжымы.